

**Бақторазов Сейдахан Уәлиұлы**

М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ-нің профессоры, т.ғ.к.,

Ж.Баласағұн атындағы Түркістан өлкесін зерттеу орталығының директоры,  
Жамбыл облысы ҚХА-ның ғылыми-сараптамалық тобының мүшесі. Жамбыл қ.

e-mail: S\_bakhtorazov@mail.ru

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ӨЗБЕК АЗАМАТТАРЫ.**

**Аңдатпа.** Жаппай саяси репрессиялар кезеңінің объективтілік мазмұны жеке адамдардың тағдырларын жіті қарастырмай толық бола алмайды.

Автор деректемелік негізде ауқымды мәселені өңір тарихына қатысты этносаяси тұрғыда зерделеуде атқарылар істердің аз емес екендігін, Оңтүстік өңірде өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың ұлттық құрамы, сол жылдардағы қарастырылып отырған аймақтың полиэтникалық құрамына сәйкес келетіндігін нақты дәлелдейді. Осылай, республиканың негізгі халқы – қазақтар репрессияланғандардың 3/5 бөлігін құраса, 1/5 бөлігін орыстар және қалған 1/5 бөлігін 20-дан астам басқа этникалық топтың өкілдері құраған еді. Солардың ішінде Оңтүстік өңірде репрессияға ұшыраған өзбек азаматтарының саны 70-тен асып жығылады екен.

**Түйін сөздер:** Қазақстан, саяси қуғын-сүргін, Ішкі істер Халкомы, Оңтүстік Қазақстан облысы, өзбектер, буржуазиялық ұлтшылдар.

**Abstract.** The objective content and subjective understanding of the past era of mass political repression will be incomplete without considering the fate of individual people.

The author shows in the article on the source base that, in general, the composition of the repressed in Southern Kazakhstan corresponded to the general polyethnic composition of the population of the region that actually developed by the mid-20-30s of the last century. Among the total number of repressed, slightly less than 3/5 are Kazakhs, representatives of the main, most numerous ethnic group of the republic. More than 1/5 of the repressed are Russians, and the remaining 1/5 falls on the share of the remaining 20 ethnic groups, among which more than 70 people were citizens of Uzbek nationality.



**Key words:** Kazakhstan, political repression, People's Commissar of Internal Affairs, South Kazakhstan region, Uzbeks, bourgeois nationalists.

**Аннотация.** Объективное содержание и субъективное осмысление прошедшей эпохи массовых политических репрессий будет неполным без рассмотрения судеб отдельных людей. Автор в статье на источниковой базе показывает, что в целом состав репрессированных в Южном Казахстане соответствовал реально сложившемуся к середине 20-30-х годов прошлого века общему полиэтническому составу населения региона. Среди общего числа репрессированных немногим менее 3/5 составляют казахи, представители основной, наиболее многочисленной этнической группы республики. Более 1/5 репрессированных приходится на русских и оставшаяся 1/5 выпадает на долю остальных 20-ти этнических групп, среди которых более 70-ти человек были гражданами узбекской национальности.

**Ключевые слова:** Казахстан, политические репрессии, Нарком внутренних дел, Южно – Казахстанская область, узбеки, буржуазные националисты.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Өзбекстан Республикасына 2019-шы жылғы 14-15-ші сәуірдегі мемлекеттік сапарының қорытындылары бойынша екі ел арасындағы рухани байланыстарды нығайту мақсатында ортақ тарихымыздың қилы кезеңдеріне жіті мән бергеніміз орынды болмақ. Соның бірі - жаппай саяси қуғын-сүргін проблемасы. СОКП XX съезінен кейін ол туралы шындық сәл ашылғандай болғанымен, тез-ақ қайта жабылған құпиялық пердесі оны жамағатқа жеткізбеді. Қазіргі кезде бұл құбылысты жалпы және жалқы тұрғыда, нақты фактілер арқылы қарастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіліп отыр. Тиісінше, 1920-30-шы жылдары елімізде жүргізілген жаппай саяси қуғын-сүргін мәселесі отандық тарих ғылымында біршама зерттелген. Дегенмен, осы ауқымды мәселені өңір тарихына қатысты этносаяси тұрғыда зерделеуде атқарылар істердің аз емес екендігі анық. Айтар болсақ, Оңтүстік өңірде өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың ұлттық құрамы, сол жылдардағы қарастырылып отырған аймақтың полиэтникалық құрамына сәйкес келетін. Осылай, республиканың негізгі халқы – қазақтар репрессияланғандардың 3/5 бөлігін құраса, 1/5 бөлігін орыстар және қалған 1/5 бөлігін 20-дан астам басқа этникалық топтың өкілдері құраған еді.

Осы тұрғыда, Оңтүстік өңірде репрессияға ұшыраған өзбек азаматтарының аз болмағандығына мән беруге болады. Ашық баспасөз және мұрағат материалдары ақпараттарына сүйенсек – олардың саны 70-тен асып жығылады екен. Енді, кеңестік қуғын – сүргін зұлматына іліккен өзбек бабаларымыздың кейбірінің қасіретті тағдырына тоқталар болсақ, онда большевиктердің қанды шеңгеліне іліккен қайраткерлерді, тіпті ҚК(б)П ОК бірінші хатшысы Мирзоянның өзі де құтқара алмағандығын анықтай аламыз. Осы оқиғалардың қыр – сырларын



айқындау үшін сәл шегініс жасап, 1937 жылдың 21 қыркүйегінде «Правдада» жарияланған «Буржуазиялық ұлтшылдар жетегінде» тақырыбындағы мақалаға тоқталар болсақ, оның «буржуазиялық ұлтшылдарды» халық жауы ретінде қуғын – сүргінге ұшыратудағы атқарған ролі туралы осы газеттің Қазақстандағы тілшісі К.Пухов, өзінің бас редакторы Л.Мехлиске жазған хатында былай дейді «...Қазақстанның партия ұйымын өте қатты сілкілеп алды». Ары қарай: «соңғы жарты айда Қазақстан коммунистері өз қатарынан әртүрлі қызметтегі жүздеген халық жауларын тауып әшкереледі. Мақала жарияланғаннан кейін ІІХК органдары партияның барынша қолдауымен Қазақстанның бірнеше халкомдарын тұтқынға алды. (Жер шаруашылығы, қаржы, ауыл шаруашылығы және басқаларын) Комсомолдың өлкелік комитетінің бұрынғы бірінші хатшысын, обкомның бірінші және екінші хатшыларын (Ақтөбе, Шығыс Қазақстан) бірнеше облаткомдардың төрағаларын, партияның аудандық комитетінің хатшыларын, аудандық атқару комитетінің төрағаларын» [1].

Бұл жерде мақаланың «Буржуазиялық ұлтшылдар жетегінде» деп аталғанымен «буржуазиялық ұлтшылдық» туралы ерекше әңгіме жоқтығын айта кету керек, ал хатта негізінен атқарылған жұмыстар айтылып, онда көрнекті партия және кеңес қызметкерлерінің қаншасының тұтқындалғаны баяндалады. Бұл арадағы негізгі міндет - халық жауларын көбірек жариялап, өзінің осы іске қатыстылығын көрсету болып табылатын сыңайлы. Мақаланың бүлдіргілік бағыты анық көрініп тұр, оның жаппай саяси репрессиялардың көрігін барынша қыздыру әрекеті де ап-айқын. Осылай, ҚК(б)П ОК бірінші хатшысы Мирзоянға тікелей шабуыл жасай отырып мақала авторы: Мирзоянның өз ауданын талан-таражға түсірген Сайрам аудандық партия комитетінің хатшысы – буржуазиялық ұлтшыл Саибовты қамқорлығына алуы айқын бола түсті. Саибовтың дұшпандық жұмысы жөніндегі сигналдар (дабылдар) өте көп, бірақ ҚК(б)П ОК және, Мирзоянның тікелей өзі, ұзақ уақыт Саибовқа «әкесіндей» қамқорлық жасап келеді. Саибовтың партбилеті Мирзоянның қарсы болуына қарамай басылған «Казахстанская правда» газетіндегі қатқыл мақаладан кейін ғана алынды [2]. Бұл жердегі фрагментте де автордың тек қараниеттілігі ғана емес, сонымен қатар білімсіздігі немесе істі толық түсінбеушілігі көрініп тұр. Ал түптеп келгенде Саибов Ташмухаммед Өзбекстаннан келген өзбек. Олай болса ол ешқандай «қазақ буржуазиялық ұлтшылы» бола алмайды, ал «өзбек буржуазиялық ұлтшылы болуы тіпті де мүмкін емес». Саибовты Мирзоянмен қатар партияның Оңтүстік Қазақстан мен Шымкент ҚК-ның бірінші хатшысы Әбілқайыр Досовтың да қолдағаны белгілі. Ол туралы жоғарыдағы «Правданың» меншікті тілшісі К.Пухов деген бас редактор Мехлиске хат жазып, онда «Досовтың барып тұрған буржуазиялық ұлтшыл екендігі анық... Досов өзінің маңына Саибов сияқты (Сайрам Аупарткомының бірінші хатшысы. Еск.авт.) ұлтшылдарды жинап алған, сөйтіп оларды қорғап, қызметтерін өсіреді, ал партияға шын берілген адал қызметкерлерді қудалап, күн көрсетпейді. Досовтың дұшпандық іс-әрекетін



тек соқыр ғана көрмеуі мүмкін,-делінген. Орталықтан жіберілген тілшінің саяси сөз тасуға көбірек ұқсайтын бұл хаты Ә.Досовты тұтқындаудан екі апта бұрын жіберілген еді.

1937 жылдары репрессияны күшейтуге сылтау ретінде КСРО Жоғарғы Кеңесіне сайлау да пайдаланылды. Осылай республика прокуратурасының ерекше бөлімінің ақпаратында: «Кейбір жерлерде тап жауларының қалдықтары сталиндік конституцияға қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізуге тырысуда, олар сонымен қатар сайлау комиссиясының мүшелеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастыруда. «Кейбір жерлерде сайлау комиссияларының құрамына репрессияланған байлар, молдалар және басқа да қашқан-пысқандардан тұратын қылмыскер элементтерді кіргізуге талпынулар болып, аты-жөндерін өзгерту арқылы сайлаушылардың тізімін шатастыру және бұл тізімге жүздеген сайлаушыларды қоспау жағдайлары орын алды» [3].

Айта кету керек, дін қызметкерлеріне қарсы қуғын – сүргін Қазақ жеріне қаскөй Голощекиннің келуімен үдей түскен болатын. Аталған жылдары тек Оңтүстік өңірде 48 молда мен 9 дін қызметкері қуғын-сүргінге ұшырап, кейіннен баршасы дерлік атылады. Солардың қатарында – Әбдіжәмілов Ғаниқожа, Ақназаров Жақып, Алтабаев Бабақұл, Аманов Ақмұрат, Әбдиев Жұман, Әзімбаев Нарымбек сынды Хақ жолынан таймай қаза болған бабаларымызбен қатар өзбек аталарымыз - Абдусаматов Абдураим, Абдусаттаров Исмаил, Аппаходжаев Осман, Бабаев-Бабаханов Пайзы, Батырханов Насырхан, Исетханов Насыролла, Муфтиев Ергеш, Мухамедов Шарайымқары, Назамутдинов Камалутдин, Нахипов Шамсутдин, Абдуллаев Абдуәкіқар, Рзаев Мухамед-Расул, Сарымсақов Әзімхан, Турсунмурamedов Ирмухаммед, Умартюряев Юсупхан, Умарходжаев Алиштерді айта аламыз. [4 - 8, 9, 29, 44, 51, 112, 181, 186, 190, 222, 224, 234, 257, 260, 261].

Репрессиялық саясатты жүргізу барысындағы партия және кеңес номенклатурасын жаппай тазалау науқанында, барлық дерліктей ауком хатшылары мен ауком төрағаларының көпшілігі ІІХК органдарының құрығына түсті. Аудандық деңгейдегі кадрлерге қарсы репрессиялар «стандартты» – «буржуазиялық ұлтшыл», «қаскүнемдікпен шұғылданды», «сын мен өзара сынды тұқыртты» деген айыптауларға қосымша «бүгінде әшкереленген халық жауымен байланыста болды» немесе «халық жауының қойған адамы» деу негізінде қылмыстық іс қозғауға ұласты. Соңғы айыптаулар сол уақыттағы кейбір құжаттарда жетекші партия органдарына «өз» адамдарын тартудың дұшпандық әрекеттері» ретінде көрсетілді [5]. Тиісінше, егер обком хатшыларына олардың жаңа ауатком хатшыларына ұсынуына байланысты айыптаулар табылып жатса, соңғылары дәл осындай кепті ауатком төрағалары мен өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы басшыларын тағайындағаны үшін кешті. Сондықтан да аудандық деңгейдегілерге «халық жауы ретінде» әшкерелену қаупі «жоғарыдан» да, сол сияқты « төменнен» де төніп тұрған еді.



Репрессиялық шараларды жүзеге асыру барысында қойқаптағы істер де қозғалынып, мұның өзі қатал үкімдер шығаруға негіз болды. 1937 жылдың 3-4 қарашасында ҚК(б)П Бостандық АК бюро мәжілісінде аудан ауаткомының төрағасы Қаюповтың мәселесі қаралды. Бюрода қабылданған қаулыда былай делінген: «Ауком бюросы Е.Қаюповтың үстінен келіп түскен материалдарды қарастыра отырып, оның 1930 жылдың 28 наурызында Қандайлық ауылындағы көтерілістің ұйымдастырушысы болғандығын толық дәлелді деп есептейді.... Ауком бюросы Ешболат Қаюповтың Қандайлықта өкіл болып жүрген кезінде колхозшылардың сұрағына антикеңестік жауаптар беріп сөз сөйлегенін, жекелей алғанда, колхозшылардың қолдағы бар дәнді астық себуге тұқым ретінде алып қойса нан мәселесі не болады деген сұрақтарына Қаюпов: «Мемлекетте ештеңе жоқ, жоңышқа мен шөп жейсіңдер, не десеңдер де сендердегі барды аламыз» деп жауап берген. Ары қарай «Мұндай контрреволюциялық сөзден кейін, дұшпандар-кулактар мен ұлтшыл бай элементтер Қаюповпен байланысып және ұйымдаса отырып көтеріліске шығады және ауылкеңес төрағасы Насыров Тұрдыбайды, ауылкеңес хатшысы Төлебаев Мұратты және ауыл белсендісі Ташовтарды өлтіреді. Көтеріліске дейін Қаюпов бірнеше күндей ауыл белсенділерін қырып салған топтың басшысы Мырхадиев Миршадидің үйінде тұрған. Көтеріліс кезінде және одан кейін Қаюпов Қандайлықтағы кулактардың үйінде жасырынған.» Әрине, ұжымдастырудың алғашқы кезеңі жағдайында осыған ұқсас мазмұндағы көтерілістер мен ауыл белсенділерін жазалау фактілері болуы түсінікті. Әйтсе де мұндай мәселелер аукомның бюросында шешілмеу керек болатын - дәлелдеу, куәлар тарту және басқа да осыған ұқсас тірліктер партия органы айналысатын іс емес еді. Қаулының қорытынды бөлімі 1937 жылдың ызғарына сәйкес реттеліп онда: Ауком бюросы Қаюпов Ешболатты Қандайлықтағы көтерілістің ұйымдастырушысы ретінде, Абдыразақовтың (Қожановшылдық) ұйымындағы бұрынғы контрреволюциялық ұлтшыл топтың белсенді мүшесі ретінде партиядан шығарып, АК пленумының құрамынан алып тастауды және жұмысынан кетіруді қажет деп есептейді,-[6] делінген. ОҚО обкомы бюросының 25.12.1937 жылғы осыған байланысты қаулысы Бостандық аукомының Е.Қаюповты Бостандық ауаткомы төрағасы қызметінен босату және ҚК(б)П қатарынан шығару туралы шешімін бекітеді. Мұның өзі Е.Қаюповтың талқаны таусылар күннің жақын екендігінің белгісі болатын.

Осындай қуғын – сүргін Шымкент қаласының басқа да мекемелерінде жүргізілген еді. Атап айтар болсақ: Шымкент қорғасын зауытындағы 1937 жылдың 25-26 маусымында өткізілген ашық партия жиналысында «ІХК органдары 22 маусымда тұтқындаған зауыттың бұрынғы директоры Шахмұратовтың қаскүнемдік істері «бітіспес дұшпандық» ретінде қаралып, оның «энергетикалық базаны, техника қауіпсіздігін сақтамағандығы, жұмысшыларға еңбек ақы төлеуді ұйымдастыру мен мәдени - тұрмыстық қызмет көрсетудегі бүлдіргі әрекеттері қарастырылады. Айыптылардың қатарында зауыттың партком хатшысы



Насибуллин мен директордың орынбасары Леснов, бұрынғы зауыт металлургы Казнин, бұрынғы цех бастығы Рыжовтар аталынып, сонымен қатар осылардың халық жаулары Шахмұратовпен (бұрынғы зауыт директоры), Таганскиймен (бұрынғы ҚК(б)П обком хатшысы) Пинхасикпен (ҚК(б)П Қазөлкекомының бұрынғы өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі) тығыз байланыста болғандығы күстаналады. Берілген фрагмент бір жағынан зауыт жұмысшыларына қарсы қолданылған репрессиялық іс-шаралардың ауқымдылығын көрсетсе, екінші жағынан аталған адамдарды контрреволюциялық ұйым ретінде көрсетуге жол ашып беретін еді. Шымкент қорғасын зауыты партия ұйымының шешімі негізінде қабылданған, ҚК (б)П Шымкент қалкомының шешіміне сәйкес жоғарыда аты аталған халық жауларының ісі ІІХК органдарына тапсырылады.

Арыс ауданы бойынша репрессияға ұшырағандар ішінде аудан және мекеме басшыларынан бөлек басқа да кішігірім жұмыс атқарғандар да аз болмаған еді. Солардың бірі Дауылов Қауыл, 1883 жылғы, ұлты өзбек, шала сауатты, 1918жылдың наурызынан БК(б)П мүшесі, 1924-29 жылдары қатардағы дихан, 1929-1932 жылдары колхоз төрағасы, кейіннен басқа бір колхозда басқарма мүшесі болған. Тұтқындалған кезде Ерназаров атындағы колхозда қатардағы колхозшы болатын. 1937 жылдың 25 желтоқсанында ол Шымкент қалалық партия комитетінің шешімімен, партияның облыстық комитетінің ол шешімді мақұлдауымен колхоздағы қаскүнемдік жұмысы үшін партиядан шығарылған болатын. ОҚО бойын ІІХК басқармасы «үштігінің» шешімімен ол он жылға еңбекпен түзеу лагеріне айдалады. Оның бұрындары партияды мінсіз қызметі – РК(б)П X съезінің делегаты (1921 жылы - Кронштадта әскери коммунизм саясатына қарсы матростардың бас көтерген, «Коммунистерсіз Кеңестер үшін» қозғалысының кезі еді) Дауылов Қ съезд делегаты ретінде бүлікті басуға қатысуы әбден мүмкін, себебі съезд делегаттары толық құрамда Кронштадқа аттанған болатын. Бұған қосымша оның В.И.Ленинмен кездесіп, әңгімелескені белгілі. Сонымен қатар Сырдария облыстық партия ұйымының атынан Түркістан Компартиясының ІУ және УІІІ съездерінің делегаты да болған еді. Дауылов Қ. «Қазақстанда Кеңестік үкіметті құлатып, КСРО-дан Қазақстанды қарулы күрес арқылы бөліп алып, Жапония протекторатымен, қазақтың буржуазиялық мемлекетін құруды мақсат еткен террористік көтерілісшіл және шпиондық-диверсиялық ұйымның филиалы болып табылатын контрреволюциялық ұйымның» мүшесі ретінде тұтқындалған 15 адамның бірі болды. Бірінші және соңғы рет болған сұрауда (допрос), өзінің кінәсін мойындамаса да, басқа айыпталушылардың берген жауабы негізінде сотталып кете барды. Бұл іс бойынша өткен 15 адамның ішінде - үшеуі ату жазасына кесілді (Мырзаев Мақамбай- Ерназаров ат. колхоздың төрағасы, Жорабеков Жақып-Киров ат. колхоздың төрағасы, Ходжаев Юлдаш-бұрынғы бай және молда) қалғандары 10 жылдан еңбекпен түзеу лагерлеріне айдалды [7].



Арыс ауданындағы тағы бір мысал - Арыс су системалары басқармасының бастығы Иногомвтың ісі. Оған «...ұлтшылдармен байланысқандығы, таптық жау алашордалық Кенесаринді қорғағаны, партияда жоқтардың жиналысында партияға қарсы сөйлегені ...ұлтшыл қаскөйлер Тасымбековпен, Мұқашевпен, Кенбаевпен байланыста болғаны» үшін айыптар тағылды. Қалкомның қабылдаған қаулысында «Иногомвты Арыс су басқармасы бастығы қызметінен алу және ҚК(б) П құрамынан партия және халық жауы ретінде шығару», ол туралы материалдарды ІІХК органдарына беру» туралы айтылған. Тиісінше қалкомның шешімі обкомда да қайталанарды - тек осы орган ғана халық жауы деген атты беріп, айыпталушыны ІІХК органдарына тапсыра алды. Берілген фактідегі мән берерлік тағы бір жәйт, ондағы тек «ұлтшыл қаскөй» сөзі болмаса, басқа «қорқынышты сөз тіркестерінің» жоқтығы. Екі қаулының аралығындағы уақыт бір жарым айдан астам. Мұның бәрі, тағылған айыптардың тайғақтығынан, қатаң үкім шығару мақсатында, басқа да қорқынышты фактілер іздеу үшін керек болды ма деп те ойлайсың. Екінші жағынан ұлты өзбек Иногамовтың «қазақ ұлшылдарына» бүйрегі бұрғандығына сүйсінесің.

Осы орайда жалпы, Қазақстанның оңтүстігіне әйтеуір бір қатыстылығына байланысты қоныс аударып, саяси қуғын – сүргінге ұшыраған басқа да өзбек азаматтары хақында айтар болсақ, олардың бірнешеуінің өмірбаяндық берілімдері мынадай: Абдуразаков Абдикадир. 1891 жылы Шымкент қаласында туылған, өзбек, жұмысшы. КСРО Жоғарғы соты 1938 жылы 3 наурызында соттаған. 1958 жылы 6 мамырда КСРО Жоғарғы соты ақтаған. [8 -7 б.] Абдурахманов Абдувахап. 1899 жылы Түркістан қаласында туылған, өзбек. Түркістан қалалық Кеңесінің төрағасы. ОҚ облысы бойынша Ішкі Істер Халық Комиссариатының Басқармасы (ары қарай- УНКВД) «үштігі» 1938 жылы 14 ақпанында соттаған. 1963 жылы 30 қазанда ОК облыстық соты ақтаған. [8 -8 б.] Абдурахманов Құрбан. 1893 жылы Түркістан қаласында туылған, өзбек, арбакеш. ОҚ облысы бойынша УНКВД «үштігі» 1938 жылы 14 ақпанында соттаған. 1963 жылы 30 қазанында ОК облыстық соты ақтаған. [4 -8 б.] Абдурахманов Саидиаби. 1868 жылы Түркістан қаласында туылған, өзбек, саудагер. ОҚ облысы бойынша УНКВД «үштігі» 1930 жылы 9 сәуірінде соттаған. 1957 жылы. 23 қарашада Түркістан әскери округінің трибуналы ақтаған. [4 -8 б.] Балтабаев Шарап. 1878 жылы Шымкент қаласында туылған, өзбек, іс қағаздарын жүргізуші. ОҚ облысы бойынша УНКВД „үштігі» 1937 жылы 20 қазанда соттаған. 1989 жылы 31 мамыр да ОК облыстық соты ақтаған. [4 -56 б.] Ирматов Тұрдымат 1896 жылы ОҚ облысының Сайрам ауданында туылған, өзбек, колхозшы. ОҚ облысы бойынша 1930 жылдың 9 сәуірінде ПП ОГПУ „үштігі» соттаған. 1958 жылдың 9 қаңтарында ОК облыстық соты ақтады. [4 -107 б.] Таев Юлдаш. 1900 жылы Манкент селосында туылған, өзбек, Сталинкент» колхозында бригадир. УНКВД ОК облысы бойы «үштігі» 1938 жылы 14 ақпанында соттаған. 1957 жылы. 1 ақпанында ОК қысқартылды. облыстық сотының қаулысымен ісі қысқартылды. [4 -245 б.] Тойчиев Момын. 1886 жылы Шымкент қаласында туылған,



өзбек, асхана меңгерушісі. 1937 жылы 15 қыркүйегінде УНКВД үштігі соттаған. ОҚ облыстық сотының төралқасы 1957 жылы 17 шілдесінде істі қысқартты. [ 4-253 б.] Тұрсынқожаев Тұяқ. 1893 жылы Түркістан қаласында туылған, өзбек. Сталин атындағы колхоз төрағасы 1930 жылы 30 желтоқсанында УНКВД «үштігі» соттаған. ОҚ облыстық соты 1958 жылы 30 қаңтарында істі қысқартты. [4 -258 б.]

Басқа аудандардағы осындай жағдайлардың өзіндік ерекшеліктері болғанымен, жалпы алғанда бәрі де ортақ сценарий бойынша жүріп жатты. Бажайлап қарасақ, қуғын – сүргін зұлматы Қазақстанда қазақпен қатар өзбекті де үлкен қасіретке ұшыратыпты. Әрине, өзге ұлттардың да бұл нәубеттен аман қалмағандығы тарихқа белгілі. Ендігі жерде жоғарыда аты аталған немесе әлі беймәлім ортақ отанымызды мекендеген түрлі ұлт азаматтарының еліне сіңірген ерен еңбектерін бүгінгі ұрпақтарына жеткізудің маңыздылығын түйсіне отырып, осы бағытта атқарылар іс-шараларға баршамыздың барынша атсалысқанымыз абзал.

#### **Дереккөздер мен әдебиеттер тізімі:**

1. ҚРПМ 708 – қор, 1 – тізбе, 106 – іс, 176-177 - п.п.
2. ҚРПМ 708 – қор, 1 – тізбе, 106 – іс, 177 - п.
3. ҚРПМ 708 – қор, 2/1 – тізбе, 73 – іс, 121-126 - п.п.
4. Азалы кітап-Книга скорби. Атылғандардың тізімі. Оңтүстік Қазақстан бойынша – Алматы: «Зерде», 1998. -295 б.
5. ҚРПМ 8 – қор, 1 – тізбе, 830 – іс, 33 - п.
6. ОҚОММ ШФ 40 – қор, 2 – тізбе, 687 – іс, 10 - п.
7. ОҚОММ 165 – қор, 1-тізбе, 79-бума, 878–іс.